



ТЕҢІЗДЕГІ ТІРШЛІК
ТҮЛЕЙ МЕ?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ЖАТ ЕЛ АСҚАН
ЖАЛАҚЫ

6-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



ТҰРАН ӘУЕНДЕРІ
АСҚАҚТАДЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

“ ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Зиялылар өз халқына қызмет етудің,
халықпен ортақ тіл табыса білудің неғұр-
лым тиімді жолдарын таба білуі тиіс.

Мұстафа ШОҚАЙ

”

№15
(4759)
Сенбі
8 ақпан
2025 жыл




ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

AQSHAMY

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Биыл қасиетті Рамазан айы 1-29 наурыз аралығын-
да болады. Қадір түні наурыздың 26-сынан
27-сіне қараған түні өтеді. Рамазан айынан кейінгі
Ораза айт 30 наурыз күні, ал үш күнге созылатын
Құрбан айт 6-8 маусымда тойланады.

БАС ҚАЛА СПОРТЫНЫҢ БӘСІ БАСЫМ

Биыл елордада 1108 спорт іс-шарасын
өткізу жоспарланған. Астана алаңдарын-
да 61 халықаралық, 97 республикалық
және 950 қалалық деңгейдегі жарыстар
ұйымдастырылады. Бүгінгі таңда елорда
тұрғындарының 40 пайызы түрлі спорт
түрімен жүйелі шұғылданады.

4



8-9 АҚПАН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Ақмола, Абай, Шығыс Қазақстан және
Қызылорда облыстары

Жәрмеңке әр демалыс күндері
сағат 10:00-ден 22:00-ге дейін
Н.Тілендиев даңғылы, 12 А
мекенжайында орналасқан
«Koktal» сауда-ойын-сауық
орталығында өтеді



АСТАНАДАН ДЕЛИГЕ ҰШАДЫ

Астана-Дели бағыты бойынша жаңа рейс
ашылады.

ҚР Көлік министрлігі ұшу
географиясын кеңейту және
еліміздің әуе тасымалдар
нарығындағы шетелдік
«лоу-кост» әуе компания-
лардың үлесін ұлғайту
бойынша жұмысты жал-
ғастыруда. Осы жылдың 14
мамырынан бастап «Indigo»
әуе компаниясы Астана-
Дели бағыты бойынша жаңа
бағыт ашуды жоспарлап
отыр. Рейстер А-320/321
типті әуе кемелерінде ап-
тасына 3 рет жиілікпен
орындалады. «Эйр Аста-
на» қазақстандық әуе ком-
паниясы осы жылдың 20
сәуірінен бастап «Airbus»
үлгісіндегі әуе кемесінде
аптасына 3 рет жиілікпен
Алматы-Мумбай бағыты
бойынша Үндістанға рейс-
тер ашады.

Елордадағы
Триатлон
саябағында
16 ақпан күні
«Astana Winter
Triathlon» қысқы
триатлон жарысы
өтеді. Уақыты:
09:00-12:30 (ауа
райына байла-
нысты өзгерістер
болуы мүмкін).



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 533.96 \$ USD/KZT 515.31 ₪ RUB/KZT 5.3 ¥ CNY/KZT 70.69

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



АЛҒАШҚЫ САПАРЫН ҚАЗАҚСТАННАН БАСТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Грузия Премьер-министрі Ираклий Кобахидземен келіссөз жүргізді. Президент Ираклий Кобахидзеге ілтипат білдіріп, оны Грузия Премьер-министрі лауазымына қайта тағайындалуымен құттықтады және грузин халқының өркендеуі жолындағы жауапты қызметіне сәттілік тіледі.

Президент соңғы жылдары Грузияның қарышты дамып, жүргізіліп жатқан реформалардың нәтижесінде экономикалық өсімнің 9,4 пайызды құрағанын атап өтті. Мемлекет басшысы қазақ-грузин қарым-қатынастарының қарқынын жоғары бағалады. Президенттің айтуынша, Грузия Қазақстанның Кавказ аймағындағы сенімді серіктесі және екі елді өзара достық пен тығыз тарихи тамырластық байланыстырады. «Қазақстан мен Грузия түрлі деңгейде, атап айтқанда, парламенттер, үкіметтік және мемлекеттік органдар арасында тиімді ынтымақтастық орнатқан» деді Мемлекет басшысы.

Грузия Премьер-министрі қонақжайлылық көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын білдіріп, қызметке кіріскеннен кейінгі алғашқы шетелдік сапарларының бірін Қазақстанға арнағанын жеткізді. Ираклий Кобахидзенің айтуынша, Грузия Қазақстанмен көпжоспарлы ықпалдастықты нығайтуға баса мән береді. «Біз үшін саяси және экономикалық ынтымақтастықты арттыру аса маңызды. Түрлі форматта, оның ішінде көпжақты алаңдарда Қазақстанның мүддесін белсенді қорғауға дайынбыз» деді ол. Премьер-министр Қазақ-

стан Президентін Грузияға сапармен келуге шақырды. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ираклий Кобахидзе Транскаспий халықаралық көлік бағдары бойынша өтетін жүк тасымалы көлемін арттыруға және транзит дәлізінің инфрақұрылымын жаңғыртуға ерекше назар аударды. Кездесуде сауда, энергетика, инвестиция, туризм, жасанды интеллект және цифрландыру секілді көптеген бағыттағы екіжақты байланыстарды кеңейту перспективасы қарастырылды. Сондай-ақ халықаралық күн тәртібі мен өңірлік қауіпсіздіктің өзекті мәселелері талқыланды.

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА

Ақордада Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің төрағалығымен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кәмелетке толмағандарға қатысты құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелеріне арналған жиын өтті.

Басқосуға Оқу-ағарту министрі, сондай-ақ Ғылым және жоғары білім, Денсаулық сақтау, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі, Ішкі істер министрліктерінің, Бас прокуратураның, Президент Әкімшілігі құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері, Бала құқықтары жөніндегі уәкіл қатысты. Мемлекеттік кеңесші қазіргі таңда балаларды қорғау үшін мемлекет тарапынан бірқатар

пәрменді шара қабылданып жатқанына назар аударды. Атап айтқанда, мектеп психологтарының, әлеуметтік педагогтердің және психологиялық қолдау орталықтарының кадрлық құрамы күшейтілді. «111» қызметінің QR-коды әзірленіп, барлық оқу орындарына орналастырылуда. «Киберқадағалау» жүйесі арқылы интернеттегі зиянды контент жойылып жатыр.

Ерлан Қарин бытыр мемлекет бірнеше жедел әрі стратегиялық шаралар қабылдағанын, соның нәтижесінде балалар арасында өзіне-өзі қол жұмсау оқиғалары айтарлықтай азайғанын атап өтті. Мемлекеттік кеңесші осы бағыттағы жұмыстарды жалғастырып, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тиісті шаралар қабылдауды үйлестіру жөнінде тапсырма берді.

КӨТЕРМЕ ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ ЖӘРДЕМАҚЫСЫ ТӨЛЕНЕДІ

Азаматтық қорғау органдары қызметкерлерін ынталандыру мақсатымен оларға және олардың отбасы мүшелеріне қоныс аудару бойынша жәрдемақы төлеу, мүлікті тасымалдау, сондай-ақ барлық отбасы мүшесін қоса алғанда, темір жол, су және автомобиль көлігімен жол жүру шығындарын өтеу ұсынылды.

Соғыс жағдайы немесе төтенше жағдай кезеңінде, терроризмге қарсы операция кезінде, қарулы қақтығыс жағдайында, сондай-ақ төтенше жағдай жарияланған аймақтарда жұмыс істегені үшін үстемеақы белгіленеді. Үстемақы ақшалай қаражаттың 3 еселенген мөлшерінде

төленеді, ал еңбек өтілінің бір күні үш күнге есептеледі. Азаматтық қорғау органдарының және әскери қызметкерлерге тұрғын үйді жалға алу шығындары өтеледі. Мәжіліс депутаттары азаматтық қорғау мәселелері бойынша заңнамалық түзетулерге осындай норма енгізуді ұсынды. Демек

енді тұрғын үй төлемдерін төтенше жағдайлар жүйесі қызметкерлері де алады. Сонымен қатар егер өрт сөндіруші немесе құтқарушы жауынгерлік жағдайда қызметтік міндеттерін орында кезінде зардап шексе, санаториялық-курорттық негізде оңалтуға құқығы бар.

ПЫСЫҚТАУДЫ ТАПСЫРДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев отандық бизнес өкілдерімен кездесуде Үкіметке қосымша құн салығы мәселесін тағы да пысықтауды тапсырды.

«Кез келген реформаны жан-жақты сараптап, байыппен жүргізген жөн. Экономика салаларының ерекшеліктерін ескере отырып, түрлі нұсқаларды әзірлеу керек. Қосымша құн салығына қатысты бұған дейін көзқарасымды білдірмеген едім. Өйткені қызметтік дәрежеме сәйкес, менің әрбір сөзім, пікірім қатаң тапсырма сияқты қабылданады. Соған қарамастан бұл мәселе бойынша ойымды жеткізгім келеді. Қалай десек те, қосымша құн салығының мөлшерлемесі сараланып белгіленуге тиіс. Үкімет түпкілікті шешімді білік-

ті сарапшылардың, қайталап айтамын, білікті сарапшылар мен кәсіпкерлердің, әлбетте, депутаттардың пікіріне құлақ аса отырып, нақты есептеулер негізінде қабылдағаны дұрыс. Бір анығы, Үкіметтің қазіргі ұсынып отырған мөлшерлемесі тым жоғары. Сіздер нақты цифрды айттыңыздар. Оны қоғам қызу талқылады. Тіпті кей жағдайда артық сөздер де айтылды. Дегенмен бұл қоғам талқысына алдын ала салынған ұсыныс болатын. Тағы қайталап айтамын, Үкіметтің бұл бағыттағы жұмысы бизнес, қоғам, кәсіпкерлер, сарапшылардың, яғни

барлық тараптың пікірі ескеріле отырып жалғасуы керек. Биыл нақты шешім қабылдануға тиіс. Мен бұған дейін де айттым: Үкімет бұл мәселені депутаттармен және сарапшылармен егжей-тегжейлі талқылауы керек. Бүгін айтылған ой-пікірлер де ескеріледі. Мемлекетке барынша оңтайлы шешім қажет. Яғни бір жағынан бизнес жүргізуге кедергі келтірмей, қолайлы жағдай жасайтын, ал екінші жағынан, салыққа қатысты тәртіпті күшейтіп, бюджет кірісін арттыратын тиімді жолды табуымыз қажет» деді жиында Мемлекет басшысы.



АТОМ ЭНЕРГЕТИКАСЫ ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен кеңесте Мемлекет басшысының Үкіметтің кеңейтілген отырысында берген энергетиканы дамыту және ядролық кластер құру жөніндегі тапсырмаларын жүзеге асыру барысы қаралды.

Президенттің электр энергетикасы инфрақұрылымын қарқынды дамыту және қажетті резервтер құру жөніндегі тапсырмасын ескере отырып, 2025-2031 жылдарға арналған электр энергиясының болжамды теңгерімі тыңдалды. Электр энергиясын тұтынудың ұдайы өсуіне байланысты жеке инвестициялар есебінен жұмыс істеп тұрған электр стансаларын жаңғырту арқылы 2035 жылға дейін 26,5 ГВт деңгейінде жаңа генерация-

сы бар қуаттар құрылымы қарастырылуда. Энергетика министрі Алмасадм Сәтқалиев бірінші атом электр стансасының құрылысы бойынша әлеуетті жеткізушілермен жүргізілген келіссөздер туралы баяндады. Премьер-министр АЭС салу мәселесінде еліміз үшін барынша экономикалық тиімділікті қамтамасыз ету қажет екеніне тоқталды. Жеткізушіні таңдауда ел ішіндегі құндылықты арттыруға, өндірісті локали-

зациялауға және технология трансфертіне мән беру тапсырылды. Сондай-ақ атом ғылымын, сала мамандарын даярлау бойынша білім беру бағдарламаларын дамытудың келешегін талқылады. «Қазақстан атом электр станциялары» ЖШС басшысы Тимур Жанткин, Ұлттық ядролық орталығының басшысы Эрлан Батырбеков, Ядролық физика институтының басшысы Саябек Сахиев өздерінің сараптамалық көзқарасымен бөлісті.

ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМА ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Сенатта Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша әзірленген Ұлттық цифрлық инвестиция платформасы таныстырылды. Депутаттар қазіргі таңда платформаға 855 инвестициялық жоба жүктелгені туралы айтылды.

Ол жобалар жөніндегі мәліметтерді бақылауға, мемлекеттік органдармен жедел өзара әрекеттесуге, жүзеге асып жатқан бастамалар мен инвестициялық ұсыныстар туралы маңызды деректерді алуға мүмкіндік береді. Платформадағы негізгі функцияның бірі – инвесторларға қатысты шектеу және тыйым салу шараларын прокуратура органдарымен келісу болып отыр. Бұл кәсіпкерлердің мүддесін қорғаудың қосымша кепілі ретінде қарастырылады.

Таныстырылым барысында Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы Нұрлан Бекназаров еліміздің экономикасына тікелей инвестиция тартудың маңызына тоқталды және инвесторлар үшін қолайлы әрі ашық жағдай жасау басым міндеттердің бірі екенін атап өтті. Платформа 2024 жылғы 17 желтоқсанда өнеркәсіптік пайдалануға берілді және оның басты мақсаты – инвестиция процесін жеңілдету, әкімшілік кедергілерді азайту

және инвестициялық жобаларды сүйемелдеудің ашықтығын арттыру. Отырыс барысында Парламент депутаттары мен басқа да қатысушылар платформаның жұмыс істеу қағидаттарын, оны дамыту келешегін және инвестициялық жобаларды қолдау тиімділігін арттыру тетіктерін талқылады. Инвесторлардың құқығы мен заңды мүддесін қорғау, әкімшілік кедергілерді жою және бизнесті жүргізуге қолайлы жағдай жасау мәселелеріне ерекше назар аударылды.

МӘСЛИХАТ ТӨРАҒАСЫ ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден елорда тұрғындарымен кездесу өткізді. Алғаш рет өтіп отырған кездесу барысында төраға азаматтардың өмір сапасын жақсарту, спорттық және мәдени іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі бірқатар өзекті мәселе мен ұсынысын тыңдады.

Кездесуде мәслихат төрағасы келушілермен, соның ішінде тұрғын алаптар мен көппәтерлі тұрғын үй кешендері өкілдерімен бірге апатты және ескі үйлерді сүру, сондай-ақ медициналық, мектеп және мектепке дейінгі мекемелердің құрылысы бойынша жұмыс кестелерін талқылады. «Жақын арада тұрғын алаптардың мәселелерімен тікелей танысу үшін «Агроқалашық» тұрғын алабынан сайланған Талғат Ерғалиевпен бірге апатты үйлерді аралап, тұрғындармен кездесу жоспарланды. Кездесу барысында аула аумақтарын абаттандыру мен санитарлық тазалау бойынша міндеттерді бөлу, елордадағы маңызды оқиғалар туралы хабар тарататын телеарна ашу, сондай-ақ өткен жылы



мәслихат депутаттары жеңімпаз атанған Senat Open шахмат турнирін ұйымдастыру мәселелері көтерілді. Барлық мәселе назарға алынды, ал

жедел шешуді талап ететін сұрақтар бойынша қала және аудан әкімдіктерінің басқарма өкілдері шақырылды» дейді Табиғат Зейнұлқабден.

ӘРБІР ҰСЫНЫС ҚАРАУСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Астана қаласы аудандары әкімдерінің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында жұртшылықпен жүздесуі жалғасуда. Апта ішінде Байқоңыр ауданының әкімі Талғат Рахманберді «Кирпичный» тұрғын алабының тұрғындарымен кездесті.

Кездесу барысында көтерілген сұрақтардың басым бөлігі инфрақұрылым саласына бағытталған. Яғни тұрғын алаптағы жол жөндеу, газ тарту, су және кәріз жүйесі, сондай-ақ,



абаттандыру мен көгалдандыру секілді өзекті мәселелер көтерілді.

Аудан әкімінің айтуынша, әр тұрғын жолдаған сұрақ пен ұсыныс жол картасы негізінде әзірленетін болады. Сонымен қатар, тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелер бойынша жауапты мекеме өкілдеріне тиісті тапсырмалар берілді.

«Тұрғын алапты дамыту аясында алға қойылған жоспарларымыз көп. Қала әкімі Жеңіс Махмұдұлының бірегей бастамалары мен тапсырмалары барысында жүйелі жұмыстар легін жалғастырамыз. Әрбір ұсыныс пен өтініш қараусыз қалмайды» деді кездесуде Т.Рахманберді.

Айта кетейік, Байқоңыр ауданының келесі тұрғын алаптарының тұрғындарымен кездесулер алдағы уақытта жалғасады.

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

«ПАРАДИЗГЕ» БАРДЫҢ БА?..

Қаладағы қазіргі жүрген алпыс, жетпістегі құнан және дөнен шалдардың барлығы дерлік ауылымызды сағынумен жүреміз. Астана ашылғалы осындамыз ғой. Оның әрбір оң қадамына қуанамыз. Көз алдымызда көркейді шырайлы шаһарымыз. Әсіресе ұлтымыздың кескін-келбеті көрініп, салт-дәстүрі қайта орнығып келе жатқанына қатты қуанамыз.

Бәрінен де бұрын ұлттық дастарханымызды айтсаңызшы! Алғашқы болып астанамызда «Арнау» деген мейрамхана ашылды. Құырдақ жеп, бас-сирақ мүжіп, бір жырғап қалдық. Одан кейін Алматы көшесінде «Шафран» деген осындай бір сәнді-салтанатты тамақтандыру орны тағы ашылып, бала-шағамыз, немере-шөберелерім бар, бәріміз отбасындағы қуанышты шараларымызда осында келетін болдық. Әсіресе, өзімнің сүйікті асым «қарынсай» деген тағамды айтсаңызшы! Неше түрлі дәмдеуіш қосып кәдімгі қарыннан жасалған қазақы тағам.

– Сіздердің Тәуелсіздік даңғылында «Парадиз» деген тамақтандыру орны ашылыпты, осы тағам сонда да бар көрінеді, – деді ұлым Самат.

Жақында көршім Асхаттың көлігімен Орталық мұражайда өткен бір іс-шарадан қайтып келе жаттық. Бір кезде жолдың жиегінде тұрған «Парадиз» деген жазуы бар ғимаратқа көзім түсіп кеткені.

– Мына жерге барып, бір-бір «қарынсай» жеп алуға қалай қарайсың? – дедім рөлдегі көрші-досым Асхатқа.

– Қарын дейсіз бе? – деп ол да елең ете қалды.

Келдік. Бірден аңғарғанымыз, теке сақалдылар мен ашық күні қара жамылған арулар баршылық екен. Сәл тіксініп қалдық. Жанымызға өрімдей жас жігіт келіп тапсырыс алды. Бір кезде әлгі даяшымыз алқын-жұлқын қайтып келіп: «Сіздің аузыңыздан иіс шығып тұр, шығыңыздар!» демесі бар ма дүңк еткізіп.

Ардагер журналист Асхат – көпті көрген әбжіл азамат.

– Ей, шырағым, не деп тұрсың? Рульде отырған адаммын ғой. Міне, кілттім, – деді шыр-пыры шығып.

Анау да қайтатын емес.

– Аузыңызды ашып, маған үрлеңізі, – демесі бар емес пе безеріп пай-

ғамбар жасындағы атасына. Тура МАИ қызметкері дерсіз.

Үрледі. Дым таппаған соң, сілейіп шок болып отырған маған алайып бір қарады да, асуйге қайта кіріп кетті. Біздің діңкештердің (әсіредіңшілдерді өзім осылай атаймын) ортасына түсіп қалғанымыз анық еді. Бір қызығы, бұл «Парадизіңіз» Әзірет Сұлтан мешітіне таяқ тастам жерде тұр. Тіпті араларында үй жоқ десе де болғандай.

Ал енді мұсылмандықтың жаршысымыз деп жүргендер осы тамақтандыру орнының атына келейікші. Бұл атау «жұмақтың төрі» дегенді білдіреді. Дәлірек айтсақ, исламға түк қатысы жоқ. Христиандардың «рай» дегендерінің төрі. Нанбасаңыз, «Словарь иностранных слов» дегенді қараңыз. Ал кезіндегі КСРО Орыс тілі институты шығарған «Орыс тілі» сөздігі 20-бетінде Алексей Толстойдың «Бірінші Петр» кітабынан «Данилич, парадиз, рай земной» деген сөзін келтіріп қойыпты. Ал Даль көкеміз одан да әрі терең депті. «Парадизка – райская птичка» дейді ол кісі. Ал енді Google деген білгішіміз бар ғой. «В старославянских и древнерусских текстах, начиная с XI века греческое paradeisos означает рай» деп ап-анық жазылып тұр. Тіпті бұл сөздің «ойын-сауық іс-шарасы» деген де мағынасы бар екен. Христиандарда шарап – қасиетті сусын. Сонда осы мақаламның атын «Парадизге» бардың ба, жүз грамын алдың ба?» деп қойсам да болғандай екен. Жеткізе алдым ба, жоқ па, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» бұл сөздің мұсылмандыққа, халал мейрамханаға титтей де қатысы жоқ екен. Сонда деймін-ау, келушінің аузын иіскеген діндарларымыздың пейіштің төрін өз дінімізде «фирдаус» деп атайтынын да білмегені ме?!.

Әбу САЯТ, заңгер-публицист

ҚАУІПТІ ЖАРНАМАЛАР ЖОЙЫЛУДА

Елорданың Алматы ауданында «Заң және тәртіп» акциясы аясында есірткі граффитилерін анықтау және жою бойынша рейд жүргізілді. Тыйым салынған заттардың жарнамасымен күресуге бағытталған акцияны аудан әкімдігінің ұйымдастыруымен құқық қорғау органдары және «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының еріктілері қолға алған.

Шараның мақсаты – қауіпті жазуларды жою ғана емес, жастар арасында есірткінің таралуына жол бермеу. Рейд барысында қатысушылар аудан аумағындағы тұрғын үйлердің, жатақханалар мен ғимараттардың қабырғаларына ілінген түрлі жазу мен сызба, QR-кодтар және басқа да жарнама элементтерін бояп тастады. Жалпы мұндай граффитидің едәуір бөлігі студенттер тұратын оқу орындары мен жатақханалар жанынан табылды. Алматы ауданы әкімдігі ішкі саясат бөлімінің бас маманы Мұрат Маратовтың айтуынша, жастардың қауіпсіздігі үшін мұндай шараның маңызы ерекше.

«Біз қоғамдық орындарда көрініс тапқан есірткі жарнамаларын жою бойынша ауқымды акция жүргіздік. Мұндай жазулар көбіне университеттер мен студенттер жатақханаларының маңында пайда болып жатыр. Ал бұл жастарға үлкен қауіп төндіреді. Табылған граффитилердің барлығын бояп тастадық. Тұрғындарды сақ болуға шақырамыз, егер мұндай жазуларды байқасаңыз, бей-жай қарамай, әкімдікке немесе құқық қорғау органдарына хабарлаңыз» деді Мұрат Маратов. Айта кетейік, мұндай рейдтер елорданың барлық ауданында тұрақты түрде өтпек.



№15 (4759) 08/02/2025 Сенбі

Елордада спорт және дене шынықтыру-сауықтыру бағытында 992 ұжым жұмыс істейді. Жүйелі түрде спортпен шұғылданатын азаматтардың саны – 601 200. Бұл қала тұрғындарының 40%-ын құрайды. Өткен жылы бас қалада спортпен айналысатындардың саны 49 508 адамға артты (2023 жылы бұл көрсеткіш 551 692 адам немесе 39,1% болған).

БАС ҚАЛА СПОРТЫНЫҢ БӘСІ БАСЫМ

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

Астана қаласы коммуникациялар қызметінің алаңында бұл туралы баяндаған қалалық Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Василий Левит саланың өткен жылғы қорытындыларымен таныстырып, келген жылдың жоспарларына тоқталды.

Оның айтуынша, өткен жылы Астанада 778 спорттық-бұқаралық іс-шара өтті. Соның ішінде 113 халықаралық, 132 республикалық, 533 қалалық деңгейдегі жарыстар ұйымдастырылды. Бұл іс-шараларға жалпы 616152 адам қатысты. Оның 349637-сі қатысушы болса, 266515-сі көрермен болды. Сонымен қатар қалада барлығы 34 жеңіл атлетикалық жүгіріс, марафон және 10 велошеру өтті. Оған 56000-нан астам адам қатысты.

Ал 2025 жылы елордада 1108 спорттық іс-шараны ұйымдастыру және өткізу жоспарланған. Атап айтқанда, биыл халықаралық – 61, республикалық – 97, қалалық 950 іс-шара өтпек.

«Басқарма мемлекеттік спорттық тапсырысты іске асыру бойынша жұмыстар жүргізуде. 2025 жылы мемлекеттік спорттық тапсырысты жүзеге асыруға 2 млрд теңге бюджет қаражаты бөлінді. Бүгінгі таңда қалада 31 спорт түрі бойынша 1023 секция жұмыс істейді (2024 жылы – 31 спорт түрі бойынша 928

секция). Қазіргі уақытта қызмет көрсететін жеткізушілер саны – 415, белсенді ваучерлер саны – 22841» дейді Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Василий Левит. Оның мәліметінше, ең танымал спорт секциялары – шахмат, дзюдо, каратэ, бокс, футбол, көркем гимнастика.

«Астана қаласында халықты спорт инфрақұрылымымен қамтамасыз етудің орташа деңгейі 1000 адамға шаққанда 37,1%-ды құрайды. Қазіргі уақытта қалада 819-дан астам спорт нысаны жұмыс істейді. Оның ішінде 35 ірі нысан бар. Соның 17-сі белгілі бір спорт түрлеріне мамандандырылған. Осы жылы елордада аула ішінде 180 спорт және жаттығу алаңы салынды» дейді басқарма басшысы.

Оның айтуынша, өткен жылы «Сапа» отбасы спорт орталығы пайдалануға берілді. Аталмыш орталық «Ak Bars Astana» ЖШС-тің жеке қаражаты есебінен салынған. Сонымен қатар былтыр «QazSwimAcademy» атты балалар мен ересектерге арналған жаңа заманауи спорт орталығы ашылып, «Kodakan Spirit» дзюдо орталығы пайдалануға берілді.

2025 жылы «Железнодорожный» тұрғын алабында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысын аяқтау жоспарланған. Сондай-ақ биыл Қ.Мұңайтпасов атындағы орталық стадионның және «Қазақстан» спорт сарайының реконструкция-

сы мен модернизациясы жалғасады. Аталған жұмыстардың жоспарланған аяқталу мерзімі – 2026 жыл. Бұған қоса, инклюзивті және кедергісіз орта құру, сондай-ақ тиімді оңалту әдістерін қамтамасыз ету мақсатында Нұра ауданының Тұран даңғылында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында «Бочча» орталығын салу жоспарланған. Бұл жобаны іске асыру мүмкіндігі шектеулі жандарға дене шынықтырумен айналысуға және спорт шараларына белсенді қатысуға мүмкіндік береді.

«Елордада 10 спорт мектебі жұмыс істейді. Соның ішінде 2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі, 2 мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі, 6 олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі және 1 жоғары спорт шеберлігі мектебі бар. Аталған мекемелерде жалпы 9236 адам жаттығады. Бұл 2023 жылмен салыстырғанда

521 адамға көп немесе өткен жылмен салыстырғанда 5,6%-ға өскенін көрсетеді» дейді Василий Левит.

Оның айтуынша, олимпиадалық спорт түрлерінен ең көп таралған ойын спорт түрлері – баскетбол, стритбол, волейбол, футбол, шайбалы хоккей. Қазіргі уақытта дзюдо, бокс, велоспорт, жүзу сияқты спорт түрлері танымал. Қысқы уақытта шайбалы хоккеймен айналысатындардың саны басқа қысқы олимпиадалық спорт түрлерінен басым. Алайда шорт-трек, шаңғы және конькимен сырғанау секілді спорт түрлері танымал. Олимпиадалық спорт түрлерімен айналысатын адамдардың жалпы саны – 155613 адам.

Олимпиадалық емес спорт түрлерінің арасында каратэ, джиу-джитсу, шахмат, панкратион түрлері танымал. Олимпиадалық емес спорт түрлерімен барлығы 96060 адам айналысады. Ұлттық спорт түрлері бойынша ең көп тарағандары – тоғызқұ-

малақ, қазақ күресі, асық ату, жекпе-жек. Ұлттық спорт түрлерімен барлығы 14643 адам айналысады.

«Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік бағдарламасы аясында Астанада мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған Паралимпиадалық жаттығу орталығы және «Тарлан» мұз аренасы жұмыс істейді. Сонымен қатар «Арғымақ» ат спорты-сауықтыру кешені ашылған. Онда иппотерапия әдісі арқылы балаларды оңалту жүргізіледі. Биыл оңалту әдістерін кеңейту аясында жаңа бағыт – канистерапияны ашу жоспарлануда. Бұл жоба Қазақстан тарихында алғаш рет елордада іске қосылды. «Елорда» мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған спорт клубы бар. Клубта мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған 33 спорт түрі дамытылуда, олар 4 бағытқа бөлінеді. Бұл қозғалыс-тірек аппараты науқастарына, есту қабілеті мен көру қабілеті нашарлаған, интеллектуалдық ауытқушылығы бар спортшыларға арналған.

Қалада айкидо, дартс және зендокай каратэ сияқты спорт түрлері де белсенді дамып келеді. Қатысушылардың жалпы саны 298 адамды құрайды, 8-і – жаттықтырушы, оның 3-еуі – штаттық лауазымдарда.

«Спорттық жұмыстың нәтижелерін талдай келе, дене шынықтыру және спортпен шұғылданатын адамдардың саны жүйелі түрде артып, жоғары дәрежедегі спортшылардың жаттығулар көрсеткіші өсіп келе жатқанын атап өту қажет. Спорт инфрақұрылымын одан әрі дамыту үшін әкімдік Астана қаласының дене шынықтыру және бұқаралық спорт саласын дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған кешенді жоспарын әзірледі. Осы жоспар шеңберінде бассейндері бар көпфункционалды спорт кешендерін, оның ішінде мүгедектігі бар адамдар үшін осындай нысандар салу, есу түрлері үшін спорт бассейнін құру, жұмыс істеп тұрған веложолды (Қарқаралы тас жолынан Қорғалжын тас жолына дейін) қайта жаңарту, футбол күмбездерін, сондай-ақ ойын спорт түрлері мен шайбалы хоккейге арналған модульдерді орнату көзделген» дейді Василий Левит.

8 КҮНДЕ ЖИҢАЗ ЖАСАП ҮЙРЕНЕСІЗ



Бас қалада жұмыссыз жүрген жандарға «екі қолға бір күрек» тауып, қаржы жағдайын жақсартуына мүмкіндік беретін Joltar жобасы жалғасып жатыр. Әлеуметтік жоба аясында осы уақытқа дейін 9 мыңнан астам астаналық білігін арттырып, жұмысқа орналасты.

Жоба негізінде оқыту бағдарламалары еңбек нарығының сұраныстарына сүйене отырып жасалған. Мәселен, жиһаз жасау негіздерін де жоба арқылы тегін оқуға болады. Бұл дағдыны меңгеріп алған жандар жиһаз өндіру және оны құрастыру тәсілдерін үйренеді. Себебі бүгінгі еңбек нарығында жиһазды тапсырыспен жасатуға сұраныс артып келеді.

Joltar жобасындағы «корпусты жиһаз жасау негіздері» курсынан Марат Базарбеков жүргізеді. Осы салада 6 жылдық тәжірибесі бар оқытушы

жобаға кездейсоқ келгенін айтады.

«Мен басқа жиһаз жасаушылар сияқты ең алдымен өз үйіме қажетті шкаф жасадым. Нәтижесін көрген соң, бұл іспен кәсіби түрде айналыспақ болдым. Осылайша елордадағы жиһаз цехтарының біріне жұмысқа тұрдым. Онда құрастыру және монтаждау негіздерін үйреніп, қосымша осы салаға қатысты интернетте қолжетімді ақпараттарды зерттедім. Жиһаз жасағаннан кейін оны тиімді сату жолдарын білу үшін Joltar жобасында «таргетолог»

курсына қатысуға өтініш білдірдім. Сол уақытта жиһаз жасау курстарын өткізіп жүрген соң, жобада жиһаз жасау курсы бар-жоғын сұрадым. Әрі қарай өз ұсынысымды білдіріп, осылайша жаңадан ашылған курстың оқытушысы болдым» дейді Марат Базарбеков.

Курс оқытушысының сөзінше, қатысушылар 8 күнде корпустық жиһаз жасау технологиясымен егжей-тегжейлі танысады.

«Осы курсты таңдаған жандар 6 күн бойы жиһаз жасау технологиясымен танысып, тәжірибе жүзінде жиһазды өлшеу және оның дизайнын сызу тәсілдерін үйренеді. Жетінші күні студенттер алған білімі бойынша емтихан тапсырады. Ал соңғы күні менің цехымда жиһаз жасап, оны Joltar жобасы атынан өзімен бірге сыйға алып кетеді» дейді ол.

Марат Базарбековтің ай-

туынша, аталған курсқа білігін арттыру үшін дизайнерлер мен жиһаз жинаушылар да келеді.

«Байқағанымдай, курсқа келген студенттер ішінде дизайнерлер мен жиһаз жинаушылар да бар. Олар осы салада білігін арттырып, табыс көзін ұлғайтуды мақсат етеді. Елімізде жиһаз жасаушылар саны жетіспейді, сондықтан олар тапсырысты мерзімінде орындап үлгермейді. Ал мен әр қазақстандықтың сапалы жиһаз алғанын қалаймын. Сондықтан жоба аясында жиһаз жасаушыларды дайындап, нарыққа білікті шеберлер шықса деймін» дейді ол.

Joltar қысқа мерзімді оқыту бағдарламасы 18-50 жас аралығындағы тұрғындар үшін қолжетімді. Оқудан кейін қатысушыларға сертификат беріледі. Ал түлектердің кандидатурасы Jumys тар Telegram-ботында тегін жарнамаланады.



Алдымен тарихтан аз-кем дерек айтамыз. Бір кездері көлемі жағынан төртінші орын алған Арал теңізінің бүгінгі жағдайы айтпаса да түсінікті. Су тапшылығынан жағалаудан толқын қашқалы біраз жыл өтті. «Бар несібем – адам-затқа» деген Аралдың әлі де берері жоқ емес.

ТЕҢІЗДЕГІ ТІРШІЛІК ТҮЛЕЙ МЕ?



Арал теңізінің құрғаған табанына 1,1 млн гектар орман екпелерін отырғызу жайлы тапсырма бергені белгілі. Осы орайда 2021 жылдан бастап өткен жылдың соңына дейін жалпы көлемі 672 мың гектардан астам жерге орман мелиорациялық жұмыстары жүрді. Оның ішінде 142 757 гектар жерге көшет отырғызылып, 333 131 гектар жерге тұқым себілген. Сондай-ақ 196 147 гектар жерге сексеуілдің табиғи өсуі бойынша жұмыстар атқарылған

Ержан ҚОЖАС

Арал жағасында 50-60 жыл бұрын балық аулау кәсібiне байланысты 2 комбинат, 10 зауыт, 70-ке жуық балық қабылдау бекетi болғанын кейiнгiлер бiлмеуi мүмкiн. Қолда бар мәлiметке сүйенсек, теңiзден 30-дан аса балық түрi ауланыпты. Бүгiнде қарасы көрiнбейтiн бекiре де осы теңiзде ойнақ салды. «Қызыл кiтапқа» енген қаяз, салмағы кiшiгiрiм тайыншадай iрi жайын да осында жүздi. Ақбалық, сазан, мөңке, шабақ, дөңмаңдай, шортан, торта мен тыран, алабұға сияқты түрлерi тiптi мол болыпты. Бүгiнде теңiз жағалай отырған көп ауылдың тiлiмен айтсақ, «алтын балық» саналатын, бағасы да құнды, Еуропаға бiрден-бiр экспортталып отырған гiстi де – Аралдың бiр байлығы.

СЫР СУЫНЫҢ 5 ПАЙЫЗЫ ҒАНА...

Аштыққа ұшыраған Едiл бойы тұрғындарына Лениннiң хатына орай көмекке ұмтылған балықшы бабалар ерлiгi жиi айтылып жүр. 100 жылдан асқан бiр айтулы күннiң тарихы Арал балықшыларына тиесiлi. Бiр тәуелiкте олар 14 вагон балық жөнелттi. Ендi бiз арнасынан асып, ең терең жерi – 68 метр, ұзындығы – 426, енi 284 шақырым болған бұрынғы теңiздiң бүгiнгi тiршiлiгiн баяндап көрмекпiз.

Қазiр ел аумағындағы Кiшi Арал деген атпен белгiлi теңiз Қазақстан мен Өзбекстан арасында жатыр. Яғни бұрынғы Арал теңiзiнiң солтүстiк бөлiгiнде орналасқан. 2005 жылы Солтүстiк Арал теңiзiн, дұрысы Кiшi Аралды оңтүстiктен бөлiп тұрған «Көкарал» бөгетiнiң құрылысы аяқталған едi. Бұл теңiздегi су деңгейiн көтеруге және аймақтың экологиялық жағдайын жақсартуға сеп болды. Тоғыз су өткiзгiштен тұратын бөгет iске қосылғалы бүгiнге дейiн Сырдария өзенiнен Кiшi Аралға 48 млрд м³ су түстi.

Жалпы Сырдария өзенiмен бiзге келетiн су көлемi көршi мемлекеттерге тiкелей байланысты. Ашығын айту керек,

дарияны көршi мемлекеттер көп пайдаланады. Кейiнгi жылдары Сырдарияда су аз болғандықтан, Кiшi Арал теңiзiндегi су көлемi 27 млрд м³-ден 18,5 млрд м³-ге дейiн азайды. Теңiз деңгейi 40,42 м БС белгiсiне дейiн төмендедi. Бұл ретте Сырдария өзенi ағынының 75%-ы – Қырғызстанда, 20%-ы – Өзбекстанда, қалған бес пайызы ғана Қазақстанда жүретiнi анық көрiнiп-ақ тұр.

«Министрлiктiң негiзгi мақсатының бiрi – Солтүстiк Арал теңiзiндегi су деңгейiнiң қалыпты деңгейде болуын қамтамасыз ету. 2024 жылы Солтүстiк Арал теңiзiне Сырдария өзенi арнасымен 2,6 млрд м³-ден астам су жiберiлдi, бүгiнгi күнi ондағы су көлемi 22,3 млрд м³-ге жеттi. Осылайша теңiз деңгейi 41,04 м БС белгiсiне дейiн көтерiлдi. Былтыр Солтүстiк Аралға су тұрақты түрде түсiп отырды. Суару кезеңiнiң ортасында Сырдария өзенi арқылы теңiзге секундына 80 текше метрге дейiн су барды. Ал 2023 жылы вегетациялық кезеңде бұл шамамен секундына 6 текше метр ғана болған болатын. Жалпы вегетациялық кезеңде теңiзге 977 млн м³ су түстi» дейдi ҚР СРИМ Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитетi су ресурстарын пайдалануды реттеу басқармасының бас сарапшысы Ғалымжан Қамбарбеков.

ҚҰТҚАРУ ҚОРЫНЫҢ ҚАРЕКЕТІ

Былтырдан бастап Халықаралық Аралды құтқару қорына төрағалық ету кезегi Қазақстанға өттi. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылдың соңына дейiн ХАҚҚ Президентi болып сайланып, аталған ұйымды үш жыл басқарады. Құрамына Қазақстан, Тәжiкстан, Түрiкменстан және Өзбекстан мемлекетi кiретiн ХАҚҚ теңiздi құтқару және өңiрдiң экологиялық жағдайын жақсарту, сондай-ақ жалпы әлеуметтiк-экологиялық мәселелердi шешуге бағытталған бiрлескен мемлекетаралық экологиялық және ғылыми-практикалық бағдарламалар мен жобаларды iске асырумен айналысады.

Былтыр 18 қыркүйекте Астанада ХАҚҚ басқармасының кезектi отырысы өткен едi. Оның барысында Қазақстанның 2024-2026 жылдарға төрағалық

ету кезеңiне ХАҚҚ атқарушы комитетiнiң жұмыс жоспары бекiтiлдi. Мұның құрамына Қазақстан, Қырғызстан, Тәжiкстан, Түрiкменстан және Өзбекстанның су мәселелерiне жетекшiлiк ететiн Үкiмет басшыларының орынбасарлары кiрдi. Бiздiң елiмiзден басқарма мүшелiгiне Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаевқа өкiлеттiлiк берiлдi.

«Бүгiнде Су ресурстары және ирригация министрлiгi Қызылорда облысы, Арал ауданында «Көкарал» бөгетiн сақтау және Сырдария өзенiнiң атырауын қалпына келтiру» жобасын iске асыруда. Жоба мақсаты – Арал теңiзiн сумен қамтамасыз ету және халық тұрмыс-тiршiлiгiнiң

ның» атқарушы дирекциясы, 13-iн жергiлiктi әкiмдiктер, 4 жобаны Балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу орталығының Арал филиалы, 3 жобаны Ы.Жақаев атындағы Қазақ күрiш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты, 6 жобаны әртүрлi ұйым, жеке тұлғалар ұсынған. Жобалар iске асса 1927 адам тұрақты жұмыспен қамтылады деп жоспарланған. Жалпы мұндағы барлық бастама әрбiр аралдықтың атакәсiптен қол үзбей, теңiз байлығына қол жеткiзуге мүмкiндiк бередi деген үлкен сенiм бар.

Иә, балық шаруашылығы – дария жағалай қоныстанған елге ежелден сiңiстi кәсiп. Сырдария мен бастауын сол өзеннен

КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРЫ СЫРДАРИЯДА СУ АЗ БОЛҒАНДЫҚТАН, КІШІ АРАЛ ТЕҢІЗІНДЕГІ СУ КӨЛЕМІ 27 МЛРД М³-ДЕН 18,5 МЛРД М³-ГЕ ДЕЙІН АЗАЙДЫ. ТЕҢІЗ ДЕҢГЕЙІ 40,42 М БС БЕЛГІСІНЕ ДЕЙІН ТӨМЕНДЕДІ. БҰЛ РЕТТЕ СЫРДАРИЯ ӨЗЕНІ АҒЫНЫНЫҢ 75%-Ы – ҚЫРҒЫЗСТАНДА, 20%-Ы – ӨЗБЕКСТАНДА, ҚАЛҒАН 5%-Ы ҒАНА ҚАЗАҚСТАНДА ЖҮРЕТІНІ АНЫҚ КӨРІНІП-АҚ ТҰР

жайлығы мен әл-ауқатын жақсарту, Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан Арал ауданы балық шаруашылығының тұрақты дамуына қол жеткізу» дейді Ғалымжан Мұратұлы.

Сонымен қатар, министрлік Арал теңізі бассейніндегі экологиялық көрсеткіштер мен әлеуметтік-экономикалық жағдайларды одан әрі жақсартуға Дүниежүзілік банкпен бірлесіп, грант қаражаты есебінен «Өңірлік дамыту және Арал теңізінің қоршаған ортасын қалпына келтіру» жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін дайындауда. Бұл жобаның 3 негізгі компоненті бар. Соның екеуі Қызылорда облысында тұрақты экономикалық, әлеуметтік және экологиялық қызметті қолдауға арналған.

Мұндағы екінші компоненттің бес бағыты – балық шаруашылығы, туризм, жасыл белдеу құру, егін және мал шаруашылығы. Оған 39 жоба енгізілген. Оның 13-ін Халықаралық «Аралды құтқару қоры

ҚҰРҒАҒАН ҰЛТАН ҚАРАУСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Аралдың тартылуы экологиялық жағдайды күрт нашарлатып жібергені баршаға аян. Адамзат тарихындағы ең ірі экологиялық апат салдарынан жерді тұз басып, шөлейтті жер аумағының көлемі көбейіп, адамзат денсаулығына, жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің көбейіп-өсуіне кері әсерін тигізіп отырғандығын жиі айтып келеміз. Теңіз табанынан ұшқан құмды дауыл тонналаған уытты тұз бен шаң-тозаңды ауаға таратып, барлық тіршілікке кері әсерін тигізді. Бір ғана мысал, аймақтан ұшқан құмды дауылдың ұзындығы – 400, көлденеңнен 40 шақырымды алады екен. Ал радиусі – 300 шақырым. Тартылған теңіздің мәселесі жалғыз Қазақстан емес, бүкіл әлемге қауіп төндіруде. Өйткені осының салдарынан жыл сайын 75 млн тоннаға дейін шаң мен улы тұзды жел көтеріп, оның өзі Еуропа мен Антарктидадан табылған.

Экологиялық ахуалға алаңдаған Мемлекет басшысының Арал теңізінің құрғаған табанына 1,1 млн гектар орман екпелерін отырғызу жайлы тапсырма бергені белгілі. Аталған жоба 2021-2025 жылдары орындалуы керек. Осы орайда 2021 жылдан бастап өткен жылдың соңына дейін жалпы көлемі 672 мың гектардан астам жерге орман мелиорациялық жұмыстары жүрді. Оның ішінде 142 757 гектар жерге көшет отырғызылып, 333 131 гектар жерге тұқым себілген. Сондай-ақ 196 147 гектар жерге сексеуілдің табиғи өсуі бойынша жұмыстар атқарылған.

«Аралдың деңгейі 1968-1990 жылдар аралығында негізгі жағалаудан 100-150 шақырымға дейін қайтып, бұрынғы су жатқан ұттан жалаңаштанып, тұзды шаң мен құм пайда болды. Ондағы тұз, құм көшкіндерін тоқтату, экологиялық ахуалды жақсартуға бүгінге дейін біраз жұмыс атқарылды. Жалпы құрғаған теңіз ұлтаны қараусыз қалмайды. Президент тапсырмасымен қыруар жұмыстар жүріп жатыр. Мысалы, 2021 жылы аумағы 101 мың гектер жерге орман мелиорациялық екпе жұмыстары жүрді. Ал дәл осындай сексеуіл көшетін отырғызу, галофитті өсімдіктер тұқымын себу жұмыстары 2022

жылы 250 мың, ал 2023 жылы 193 мың гектар жерді қамтыды. Былтыр бұл жұмыстар 127 737 гектарға дейін жалғасты» дейді Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының басшысы Марат Нұрмағамбетов.

Оның айтуынша, биыл 428 мың гектарға жуық жерге мелиорациялық жұмыстар жүреді. Яғни теңіздің кепкен табанына шөлге төзімді өсімдіктердің көшеті отырғызылып, тұқымы себілетін болады.

Иә, сексеуілді көптеп отырғызғанмен, оның түбіне балта шауып, жеке бас пайдасына жаратып жүргендер жайлы айтпаса болмас. Оның үстіне көмір жетіспеушілігі мен қымбаттауы ауылдағы ағайынға ауыр тиді. Сексеуілді отын ретінде қолдана бастадық. Қазір оны ауыл іргесінен емге таппайсыз, 100-150 шақырым ұзап барып, кездестіруіңіз мүмкін. Бұдан бөлек, үлкен қалаларда кәуап пісіру орындары көптеп ашылып, сексеуілге деген сұраныс барынша артқан. Міне, пайдаға құныққандар темір троппен сексеуілді түп-тамырымен қоса жұлып алатын болды. Бұл біздегі орман қорының өздігінен көбеюіне көп кедергі келтіретіні белгілі.

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

ЖАТ ЕЛ АСҚАН ЖАЛАҚЫ

Мемлекеттік кірістер комитетінің дерегі бойынша Орталық Азияның үш елінің азаматтары Қазақстанда үш жыл ішінде 136 млрд теңге табыс тауып, осы уақыт ішінде өз елдеріне жалпы 1 трлн теңге аударған (Ұлттық банк). Ал былтыр Өзбекстанға шет елдерден түскен ақша аударымдарының көлемі 2023 жылмен салыстырғанда 30%-ға артып, 14,8 млрд долларға жеткен. Өзбекстан Орталық банкінің мәліметінше, қаражаттың басым бөлігі, яғни 11,5 млрд доллар Ресейден түссе, қалған ақшаны Қазақстан (\$795 млн), АҚШ (\$577 млн), Оңтүстік Корея (\$534 млн), Түркия (\$405 млн), Ұлыбритания (\$135 млн) және өзге де мемлекеттерде жұмыс істеп жүрген өзбекстандықтар аударған.

Gazeta.uz басылымының мәліметінше, 2024 жылдың басында Қазақстанда 196,8 мың Өзбекстан азаматы жұмыс істесе, жыл соңында олардың саны 322,7 мыңға жеткен. Бұған бастысы өзбекстандық еңбек мигранттары Ресейдің орнына Қазақстанды таңдауы себеп болған. Демек, келер жылы да Қазақстаннан ақша тауып, өз еліне ақша аударатын өзбектердің саны да, сомасы да көбейетіні анық. Ал өткен жылы Қазақстанның еңбек нарығындағы жұмыссыздық деңгейі (Халықаралық еңбек ұйымының әдістемесі бойынша) 4,6% құрады. Ендеше, Қазақстанда жұмыс жоқ болса, 300 мың өзбек неге келді және 800 миллионға жуық долларды не істеп тапты? Соған қарағанда, Қазақстанда жұмыс жоқ деп ауызды ку шөппен сүртіп, себепті үкіметтен ғана іздей беру де дұрыс емес секілді.

Қазақстанда қара жұмыс істейтін Өзбекстан азаматтарының көп болуының бірнеше себебі бар: Біріншіден, Қазақстандағы орташа жалақы Өзбекстанға қарағанда жоғары. Екіншіден, Қазақстанда құрылыс, ауыл ша-



«Қазақстанда жұмыс жоқ, еңбекақы өте төмен» деген сөзді жиі естиміз. Шетел асып, жұмыс істеп жүрген қазақстандықтар да аз емес. Бірақ соған қарап, шынымен де біздің елде жұмыс жоқ, жұмыс табу өте қиын екен ғой дейік десек, біздің елге шетелден келіп жұмыс істеп жүрген азаматтар да аз емес. Базарыңды қыздырып, саудасын жүргізіп тұрған қырғыз, әзербайжан, орыс азаматтарын былай қойғанда, жыл құсындай көктемде келіп күзде қайтатын өзбектер де Қазақстаннан күреп ақша тауып жатыр.

руашылығы, жол жөндеу сияқты салаларда жұмысшы тапшылығы бар. Үшіншіден, өзбекстандық жұмысшылар жергілікті еңбек нарығына қарағанда төмен жалақыға келіседі. Сондықтан жұмыс берушілерге оларды жалдау тиімді. Оның үстіне, өзбек азаматтары жұмысты сапалы әрі уағында бітіруге тырысатындықтан, жұмыс берушілермен тез тіл табысады. Яғни көктем, күз, жаз айларында қамтып ақша

табуға күш салатын өзбектер көтеріп алған жұмыстарын күні-түні істесе де тез бітіріп, жалақысын тез алуға тырысады. Қазақтың қара жұмыс істейтін азаматтары секілді таңертең сағат 9-да келіп, жарты сағат киім ауыстырып, жарты сағат шай ішіп уақыт өткізіп, мәдениетті кісі сияктанып, кешкі сағат 6-да жұмыстан кетіп қалмайды. Жұмысты уағында бітірмей немесе арасында «той бар еді», «Пәлен жұмысыма

барып келмесем болмайды» деп апталық жұмысты айға, айлық жұмысты аяқсыз қалдырып жүрген отандастарымыз қаншама? Сосын да жұрттың көбі жергілікті азаматтарды жалдап, дауласып, күтіп шаршағанша, сөзіңді екі етпейтін өзбектерді жалдағанды дұрыс көреді. Демек, «өзбектер арзан істейді», «құрылыс жұмыстарын өзбектер жақсы істейді», «екі өзбек қыруар жұмысынды тындырып тастайды», «Өзіңде

өнім жоқ, өзбексіз күнің жоқ» деген сөздер текке айтылмаған. Құрылыс орындарына, үй салдырып жатқандардың маңайына барсаң, түйгіңдеп бірер өзбек жүреді. Шанхай, Артем, Орталық базарларда сауда жасап тұрғандардың дені – басқа ұлт азаматтары. Ал Қазақстанда өндірілген тауарлар туралы айтпай-ақ қояйық. Керек болса, іш киімге дейін Бішкек пен Бейжіңнің өнімі.

Қысқасы, Өзбекстаннан келген құрылысшылар Қазақстан азаматтарына қарағанда төменірек жалақыға жұмыс істеуге дайын. Олар еңбекқор, тәжірибелі және ұзақ уақыт бойы сапалы қызмет көрсетуге тырысады. Бұл фактор көптеген қазақстандықтар үшін тиімді. Өзбекстанда құрылыс салу жұмыстары жақсы дамыған, өзбек құрылысшылары тас қалаудан бастап, сылақ, бояу, әрлеу жұмыстарына дейін жақсы

меңгерген. Олардың көбісі – осы салада көпжылдық тәжірибесі бар мамандар. Көптеген қазақстандықтар өзбек құрылысшыларының ұқыптылығын және жұмысты сапалы әрі уақытылы аяқтауын жоғары бағалайды. Олар клиенттің талабына сай тиянақты жұмыс істеуге тырысады. Жергілікті жұмысшылар көбіне жоғары жалақы талап етеді немесе білікті маман тапшылығы сезіледі. Ал өзбек жұмысшылары саны жағынан көп әрі қолжетімді. Оның үстіне, өзбек құрылысшылары көбінесе таныстар арқылы жұмыс табады. Олардың қызметіне риза болған қазақстандықтар оларды жұмысшы қажет ететін басқа азаматтарға да таныстырады. Осылайша, олардың нарықтағы орны нығая береді. Ал қазақстандық жұмысшылар аз уақыт жұмыс істеп, көбірек жалақы алуға бейім болса, өзбек азаматтары жұмыс ауырлығына қарамастан, көп еңбектенуге дайын. Сондай-ақ бұл жерде тек өзбек азаматтары ғана емес, қырғыз, тәжік жұмысшылары да осы салада белсенді екенін айта кеткен жөн.

Демек, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялауының бір себебі де осы. Өйткені жоғарыда айтқанымыздай, шетел жұмысшыларының қалтасы арқылы қыруар қаржы шетел асып жатыр. Сондықтан, бұл мәселеге баса назар аудармай болмайды.

Қазақстанда құрылыс саласындағы шетелдік жұмыс күшіне тәуелділікті азайту үшін бірнеше маңызды қадамдарды жүзеге асыру қажет. Ең алдымен, құрылыс мамандарын даярлау жүйесін жетілдіріп, арнайы құрылыс колледждері мен техникалық мамандықтар бойынша оқыту сапасын арттыру қажет. Қысқа мерзімді курстар ұйымдастырып, жылдам оқытатын бағдарламалар арқылы жастарды құрылыс саласына бейімдеу керек. Мемлекет құрылыс саласына гранттар бөліп, жастарды ынталандырып, жеңілдіктер қарастырса, саланың тартымдылығы арта түсер еді.

ГРИМ САЛУ ШЕБЕРІ

Қылқаламды серік еткеннің бәрінің мамандығы суретші емес. Бірақ барлығы бірдей сурет сала білуі керек, яғни дизайнер, сәулетші, басқа да осы бағыттағы сан салалы мамандықтар, сол сияқты грим салушы да өнерінің бастауын суреттен алады. Суретшілік қанында бар, отбасында ата-анасынан алты балаға осы өнер дарыған, Астанадағы Музыкалық жас көрермен театры ашылғалы бері грим салушы болып келе жатқан Жазира Есмағамбетова – осы бір қызықты әрі бүгінде сұранысқа ие мамандықтың иесі.

Райхан
РАХМЕТОВА

Жазираға өнер тегінен берілгенмен, грим салу ісін туған ағасы, Қазақстандағы тұңғыш гиперреалист мүсінші Айдостың арқасында бастады. Талай талантты ұл-қыздар шыққан Арқалық қаласы – олардың туып-өскен жері. Отбасының өнер қонған әулет екенін көзін ашқалы біліп өсті. Өннен сабақ беретін анасы қанша бала тапса да, сәлулығын сақтаған, күн сайын әдемі болып жүргенді жақсы көретін жан. Суретші мамандығынан жоғары білім алғанмен ауылда өнерін дамыта алмаған әкесі де үйде шығармашылыққа уақыт табатын. Ал ағасы туған қаласындағы педагогикалық институттың сурет факультетін тәмамдап, арман қуып Астанаға бет алды, дарыны мен еңбекқорлығының арқасында талай шынды бағындырды. Үйдегі төртінші бала Жазира да, екі әпкесі мен егіз інілері де сурет пен мүсіндеуге, қолөнерге бала кезден жақын болды. Мектептегі қабырға газеттері мен өнер байқауларындағы образдық киімдер Жазираның қолынан шығатын. Алайда мектеп бітіргенде грант болғаны үшін колледжде экономист мамандығын оқыды. Тұрмыс құрып, балалы болды. Бірақ қарапайым кассир мамандығын атқарып жүріп,

бойына біткен өнері тұншығып жатқандай сезінетін. Сондай бір күйзеліспен жүрген кезде Astana Musical театрында грим салушы болып жұмыс істейтін ағасы оны қасына алдырып, екі жыл бойына осы өнердің барлық қыр-сырын қарыңдасына үйретіп шығады.

Заманауи грим өнерін әлемдік деңгейде меңгерген ағасының жанында жүріп ол грим салудан бастап, бұрым мен шаш жалғау, сақал тоқу, мұрт салу, жапсыру, бетке иек пен мұрын қосу, жас актерді кәрі адамға айналдыру, тарихи кейіпкерлерді келтіру, түрлі елес, аруақ, ауру, жылап көзі қызарған, соққыдан көгерген, жарақаттары бар образдарды жасау, адамнан жан-жануарлар бейнесін шығаруды толық үйреніп алды.

– Бала кезімде көршілердің кішкентай қыздарының шашын жинап, өріп, үйге әкеліп тап-тұйнақтай етіп киіндіріп қоятынмын. Арнайы оқымасам да, таныс қыз-келіншектердің бетін әрлеп, тәп-тәуір макияж жасап беріп жүрдім. Бояндыруды білгенмен, грим сала алмайтынмын. Себебі макияж бен грим салу ұқсас сияқты болғанмен, арасы жер мен көктей. 2018 жылы атақты Француз мюзиклі «Нотр-Дам де Пари» Астанада қойылатын болды. Менің ағам сол қойылымға грим салушы ретінде шақырылған, сол кезде көмекшілер көп керек етіліп, мені қасына шақырды. Төрт күндік жұмыс маған төрт жылдық тәжірибе бергендей болды. Грим

салу жанымға жағатынын ұғындым. Сосын ағам мені белгілі визажист Назерке Козинovanың студиясында ақшасын төлеп оқытып алды. Сөйтіп жүргенде 2020 жылы Музыкалық жас көрермен театры ашылып, ағам соған екінші грим салушы ретінде келуімді сұрап, бірақ өзінің қолы тимей, ақыры театрда мен ғана қалдым. Содан бері осы өнер ордасының жалғыз грим салушысы болып еңбек етіп келемін, – дейді кейіпкеріміз.

Жазира көбіне басты және сырт келбеті күрделі рөлдердегі актерлерді бояуға уақыт бөледі, ал «массовкада» жүретін актерлер өздерін жеңіл-желпі бояп кете береді. Дегенмен бәрін бақылауда ұстап, тексеріп, білмегенін көрсетіп отырады. Осылайша аптаның дүйсенбісінен басқа күндері кешкі сағат 18.00 және 19.00-де басталатын қойылымдар үшін түс ауа жұмысын бастап кетеді.

– Басында қиын болғаны рас. Әсіресе, тарихи кейіпкерлерді шығару оңай емес. Ондай кезде қашан да ағамның көмегіне, кеңесіне жүгінемін. Жаңадан қойылым қоятын кезде әр актер өз



образымен танысып, соның суретін әкеледі немесе сипаттап береді, сол бойынша мен олардың бетіне грим салып беремін. Ең қиын әрі ұзақ уақыт алатын процесс – қыздарға шаш, бұрым жалғау. Актрисалар шаштарын өргенмен, жалғай алмайды, шаш босап, сахнада түсіп қалмау үшін жалғаудың өзіндік техникасы бар. Қолым шебер болғасын шаштарын да түрлі образдарға сай сәндеп бере аламын. Сонымен қатар киімдерінің де жетпес жерін жеткізіп, түскен жерін түзеп, тігіп беремін. Сол себепті грим салушы тек бет бояумен шектелмей, жан-жақты болуы керек, – дейді Жазира.

Грим салушы болу үшін ең бірінші қабілет – алдыңа келген адамды сезіну қажет. Сол адамның сізге айтқанынан да артық етіп жасап, грим оған жарасатындай етіп салу үшін тәжірибе мен еңбек керек. Сахнадағы жарық адамның бетін «кеп қояды», яғни түрі көрінбей қалады. Грим сол жарықтың көлеміне қарай салынады. Бұл театр шағын, сахна көрермен залына жақын болғандықтан мейлінше гримді жеңіл, шынайы етіп салады. – Жалпы грим салу арқылы біз бойымыздағы күш-қуатымызды тек еңбегімізге ғана емес, бетпе-бет кеп тұрған грим салынатын адамға да береміз. Сондықтан болар, бұл бір ауыр жұмыс емес сияқты көрінгенімен грим салып біткенде қатты шаршап, әлсіреп қалғаныңды сезінесің. Оның үстіне актерлер, басқа да бетін боятқызатын адамдар неше түрлі көңіл күймен келеді. Соның да әсері бар. Сабыр мен шыдам да керек, адамдармен жұмыс істеген соң біртіндеп психолог болып та кетесің, – дейді жас грим салушы.

Оның айтуынша, бұл – қазіргі таңда өте сұранысқа ие мамандық. Театр жалақысы аз болғанмен, қосымша мәдени жобаларға жиі шақырту алып, жұмыстан бос уақытта елордада өтетін түрлі іс-шараларға грим салушы болып барады. Ондай кезде де көбіне Айдос ағасымен бір командада жұмыс істейді. Жаңа жыл, Наурыз және басқа да мерекелер, Жамбыл, Абай, Ыбырайдың, басқа да тұлғалардың мерейтойлары кезінде екеуі түрлі мерекелік және тарихи, кино мен мультфильмдер кейіпкерлерін шығару үшін сахна сыртында грим салумен айналысады. Мұндай концерттер елорда болғасын Астанада жиі өтеді. Сондықтан бұл табысты жұмыс деп айтуға болады. Оның үстіне театрда жақында оған мемлекеттен пәтер беріліп, жас маманның баспана мәселесі де шешімін тапты.

ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ ҮНДЕЙДІ

Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театрында нашақорлықтың алдын алуға және есірткі қылмысына қарсы іс-қимылға арналған S.O.S атты драма жанрындағы кезекті қойылым өтті.

Драматург Мәдина Омарованың туындысында қазіргі қоғамдағы ең өзекті мәселелердің бірі – нашақорлық және оның зардаптары бір отбасының трагедиясы арқылы көрсетілді.

«Нашақорлық – бүгінгінің ең үлкен дерті. Сондықтан да біз бұл әлеуметтік драманың атын S.O.S. деп атадық. Осылайша көпшілікке дабыл қағу арқылы нашақорлықтың алдын алуға өз үлесімізді қоспақшы-

елітіп, көлеңкелі бизнеске үйір болғандардың қатары көбейсе, қоғамдағы жағдай қандай болмақ?» деген ойға қаласың. Иә, нашақорлық және есірткі бизнесі ешқашан жақсылыққа апармайды, бұл жолға қадам басқандардың алдынан тек қана қара түнек күтіп тұрмақ. Біз осыны көрерменге жеткізгіміз келді» деді спектакльдің қоюшы режиссері, мәдениет саласының үздігі Аман Ғұмаров.

лап-тілегі болды. Сонымен қатар біз, актерлер де өз ой-пікірімізді ұсынып, қойылымды бірге жасап шықтық. Мен де ойымдағы кейіпкердің бейнесін сахнаға алып шығуға тырыстым. Яғни, есірткі сатушы топтың бастығын әдепкідей біржақты зұлым, қатыгез кейіпкер ғана емес, әлдебір психологиялық соққылардың салдарынан ауруға айналған адам ретінде де көрсетуге тырыстық. Аталған кейіпкер



мыз. Өйткені адамдардың психологиясына тән нәрсе, бұл – басты кейіпкеріміз сияқты еліктегіштік, мол ақшаға қызығушылық. Әсіресе оң-солын танып үлгермеген жасөспірімдердің тағдыр тәлкегіне түсуі әп-сәтте. Бас кейіпкер Айбар да ойланбастан теріс қадам жасайды, қателікке ұрынады. Ал бұл бара-бара үлкен қайғыға ұшырататынын кеш түсінеді. Біздің кейіпкеріміздің де тап келген қателіктер салдарынан анасы жалғыз қалды, қарындасының өмірі быт-шыт болды, ағасы түрмеге түсті. Бұл бір отбасы және оның айналасындағылардың басынан өткен оқиға ғана, ал «есірткіге

Спектакльде басты кейіпкер – Айбар рөлінде Бибол Байғараев, Абзал Арапов болса, Айбарша рөлін Аружан Бағзат пен Арелана Амангелдиева сомдайды. Ал анасының рөлін «Құрмет» орденінің иегері Майра Омар мен Ақниет Замзат орындайды. Ал есірткі сататын топтың басшысы рөлін Қазбек Есқара ойнады.

«Мен спектакльдегі жағымсыз кейіпкердің рөлін ойнадым. Рөлді сомдарда режиссермен ақылдастық. Жасөспірімдерді жаман әдеттерден сақтандыру үшін қойылған спектакль болғандықтан, режиссердің актерлерге бірқатар арнайы та-

спектакльдің өн бойында көріне бермейді, дегенмен рөлді сомдауға біраз іздендік» деген пікірімен бөлісті Қазбек Есқара.

Айта кетейік, қойылым елордада есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл жөніндегі кешенді жоспарды және нашақорлықтың алдын алу жөніндегі «Астана – есірткісіз қала» акциясын іске асыру шеңберінде ұсынылған болатын. Көрермендердің пікірінше, S.O.S. өзіне жүктелген сенім мен мақсатты ақтады. Өйткені спектакльдің жастардың көңілдерінен шыққандары соншалық, олар қойылымды екінші мәрте көруге келіпті.



ОҚЫРМАНМЕН ОЙ БӨЛІСТІ

Астана қаласы әкімдігінің Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің №8 көпшілік кітапханасында журналист-публицист, ҚР Президентінің БАҚ саласындағы сыйлығының лауреаты Төлен Тілеубайдың оқырмандармен кездесуі кезінде «Түлкілітаудың аспаны» атты жаңа кітабының таныстырылымы өтті.

Бұған дейін журналистика саласында еңбек етіп, бірнеше кітап шығарған Төлен Зәрубайұлы «Түлкілітаудың аспаны» атты кітабымен енді көркем шығарманың да аламанына ат қосып отыр. Оның бұл шығармасына ауыл баласының арман-тілегі, мақсат-мұраты, адамның бойындағы адалдық, адамгершілік, мейірім сияқты ізгі қасиеттер арқау болған. Басты кейіпкер – Әмірдің балалық шағын суреттеу арқылы автор ауыл адамдарының мінез-құлқын, болмыс-бітімін бүкпесіз беруге ұмтылады. Повесте автор адам баласы мен табиғаттың үндестігін әсерлі эпизодтармен жеткізеді. Әңгімелерде Отанды сую, табиғатты қорғау, махаббатқа адалдық тақырыптары көркем тілмен кестеленген. «Ақбөкен жылаған түн» деректі-көркем әңгімесіне қазақтың қаһарман ұлы, қорықшы Ерлан Нұрғалиевтің браконьерлермен арпалысы, өшпес ерлігі негіз етіп алынған. «Ақ көгершін», «Гүлсараның махаббаты» әңгімелерінде махаббатқа адалдық, адам жанының құпиясы, албырт шақтағы адамның бойында кездесетін қателіктер сөз болады.

Төлен Тілеубайдың прозадағы алғашқы еңбегін оқырмандар жылы қабылдады.

Кездесу барысында оқырмандар Төлен Тілеубайға журналистика мен

әдеби шығарманың айырмашылығы туралы көбірек сұрақтар қойды.

«Жалпы жазушылар мен журналистердің ортақ ерекшелігі – олар қоғамдық мәселелерді жазуда үлкен тәжірибеге ие, былайша айтқанда, журналистика мен проза шығармашылық тұрғыда бірін-бірі толықтырып отырады. Сондықтан журналистиканы нашар, жазушылықты мықты деп бағалау өте қиын. Әрине, журналистика нақтылықты қажет етсе, көркем шығарма адамның ішкі жан дүниесіне үңілуді, тереңірек зерттеуді қажет етеді. Алайда екеуінің де бір ортақ ұқсастығы – жазу. Ал қалай жазу керектігін автордың өзінің білім деңгейі мен сана-сезімі, ішкі түйсігі, қарым-қабілеті анықтайды» деп жауап берді Төлен Тілеубай бұл сауалдарға.

Жүздесуге Қарағандыдан арнайы келген 80 жастағы аудармашы Рымбала Смайылова, қоғам қайраткері, ұстаз Оспан Сүлейменұлы, Астана қаласы Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Гүлбадан Мәдібаева, Шәкәрім атындағы № 56 мектеп-лицей директорының орынбасары Назгүл Бикетова, белгілі тележурналист Бақыт Шойымбек және тағы басқалар кітап туралы ой-пікірін, жылы лебізін білдірді.

ТҰРАН ӘУЕНДЕРІ АСҚАҚТАДЫ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның концерт залында «TURAN» этно-фольклорлық ансамблі «Тамыр» атты концерт қойды.

Концерт барысында Түркі халықтарының түп тамыры, мифологиялық дүниетанымы заманауи музыкалық-театрландырылған сахналық шоу арқылы көрсетіліп, туысқан

халықтарға ортақ музыкалық аспаптарда ұлттық шығармалар орындалды. Концерттің басты ерекшелігі – толықтай жанды дауыста өткендігінде. Әр орындалған күй, айтылған ән түгелдей

өнерпаздардың шеберлігін әйгілеп тұрды. Тыңдармандар бір сәтке тамыры бір, түбі бір түркі әлеміне саяхат жасап қайтқандай күй кешті. Көпшілік қобыздың үнін естіп күңіреніп, думбақтың үні шыққанда дүбірлеп отырды.

Концертте ансамбль мүшелері қазақ халқының отыздан астам Ұлттық музыкалық аспаптарымен қатар, қырғыз, өзбек, әзербайжан, түрік, түркімен, мажар, саха халықтарының ұлттық музыкалық аспаптарымен де шығармалар орындады.

Іс-шараның ашылу салтанатында сөз сөйлеген Халықаралық түркі мәдениеті мен мұрасы қорының Президенті Ақтоты Райымқұлова, бүгінгі шараның мәні мен маңызын айрықша атап өтіп, «TURAN» этно-ансамблі, «Салтанат», «Гүлдер» ансамбльдерінің бүгінге дейінгі атқарған, атқарып келе



жатқан жобаларына арнайы тоқталды. Сонымен қатар бүгінгі концертке ерекше қолдау көрсеткен ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне, Астана қаласы әкімдігіне және қаланың Мәдениет басқармасына, шығармашылық топтарға ерекше

алғысын білдірді.

Еске салайық, «TURAN» этно-ансамблі – он бес жыл ішінде әлемнің 122 қаласында 3000-нан астам жеке концерт беріп, түркі әлемінің музыкалық брендіне айналып үлгерген өнер ұжымы. Ансамбль қазақ

музыка мәдениетінде өзіндік жеке стилін қалыптастырып, елімізде бес адамнан құрылған мультиаспапшылардан құралған ансамбль қатарының көбеюіне, дамуына негіз болып келеді.

Қабиден ҚУАНЫШБАЙ



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – ЕРКІН ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – ҒАЛЫМ ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс № 15

Баспахана: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Ержан ҚОЖАС